# Алға ауданы бойынша 2015 жылға мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

*Күшін жойған*

Ақтөбе облысы Алға ауданының әкімдігінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 129 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 30 сәуірде № 4317 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Алға ауданының әкімдігінің 2016 жылғы 11 мамырдағы № 196 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Алға ауданының әкімдігінің 11.05.2016 № 196 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі " Білім туралы" Заңының 6 бабының 4 тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, Алға ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Қоса беріліп отырған Алға ауданы бойынша 2015 жылға мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мектепке дейінгі тәрбие және оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері бекітілсін.

Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М.Джалгаспаевқа жүктелсін.

Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі* *А. Шериязданов*

Алға ауданының әкімдігінің от 31 наурыз
2015 ж. № 129 қаулысымен бекітілді

# Алға ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері

| № | Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының әкімшілік-аумақтық | Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны |
|---|---|---|

| | орналасуы (аудан, город) | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Балабақша | Мектеп жанындағы толық күндік шағын-орталықтар | Мектеп жанындағы жарты күндік шағын-орталықтар | Дербес толық күндік шағын-орталықтар | Дербес жарты күндік шағын-орталықтар |
| 1 | Алға ауданы | 1653 | 60 | 746 | | |

Кестенің жалғасы:

| Мектепке дейінгі ұйымдарда қаржыландырудың жан басына шаққанда бір айдағы мөлшері (теңге) | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Балабақша | | Мектеп жанындағы толық күндік шағын-орталықтар | | Мектеп жанындағы жарты күндік шағын-орталықтар | | Дербес толық күндік шағын-орталықтар | Дербес жарты күндік шағын-орталықтар |
| Қалалық жерде | Ауылдық жерде | Қалалық жерде | Ауылдық жерде | Қалалық жерде | Ауылдық жерде | | |
| 25909 | 25615 | 7970 | 12660 | 8413 | 10156 | | |

Кестенің жалғасы:

| Мектепке дейінгі ұйымдарда ата-аналарының бір айдағы төлемақы мөлшері (теңге) | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Балабақша | Мектеп жанындағы толық күндік шағын-орталықтар | Мектеп жанындағы жарты күндік шағын-орталықтар | Дербес толық күндік шағын-орталықтар | Дербес жарты күндік шағын-орталықтар |
| 8800 | 7700 | | | |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК